

Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. –Алматы: Атамұра, 1999. – 240с.
2. Султанов Б. Международный терроризм и институты региональной безопасности в Центральной Азии // Бағдар. -2002. -№1. – С.3-10.
3. Холмогоров Ю.П. Терроризм, как крайняя форма проявления экстремизма. // www.terrorism. ru.
4. Бондарец Л. Армия Кыргызстана остается основной силой противодействия незаконным вооруженным формированиям // Бағдар. -2001. -№3. –С. 30–35.
5. Рамазанов Ж. Проблемы борьбы с международным терроризмом (теоретический аспект) // Бағдар. -2002. -№1. –С.11 – 14.
6. Назарбаев Н.А. Вместе мы можем сопротивляться глобализации // Независимая газета. -2001. – 29 апреля.
7. О борьбе с терроризмом. Закон Республики Казахстан № 416-1 от 13 июля 1999 г.
8. Мендыгалиев А. О ходе реализации соглашений между Республикой Казахстан и США по предотвращению распространения ядерного оружия // Бағдар. 2002. - №1. –С.46 – 53.

* * *

Қазіргі заманда адамзаттың өмір сүруіне және жалпы еліміздің бейбіт өміріне әсер ететін - терроризм мәселесі. Бүгін дүние жүзінде бұл мәселеге көп мән беріліп отыр. Осыған байланысты авторлар өз көзқарастарын ортаға салып, терроризмнің түрлеріне, оның себебі, әсері тағы да осындай күрделі сұрақтарға жатты ұсыныстарын береді.

* * *

One of the factors in present world is terrorism that threatens to the national safeness of independent states and to the existing of the whole humanity. Today terrorism's threats have global character and serious danger. The authors of this article think that it is necessary to do the thorough expertise of terrorism's action, to analyze its structure, functions, motives and forms for giving scientific-grounded recommendations to those people who take part in antiterrorism's action.

ӘОЖ 930.253:94(574)

Л.С.Серикова

т.ғ.к., оқытушысы, М.Өтемісов ат. БҚМУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАҒАТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ (XX ҒАСЫР)

Қазақстанда мұрағат жүйесі негізінен Кеңес Одағы жылдарында қалыптасты. Оған 1918 жылы 1 маусымда В.И.Лениннің басшылығымен “Ресей республикасында мұрағат ісін қайта құру және орталықтандыру туралы” декрет себеп болды. Заңда барлық мұрағат мекемелері жүйеленген түрде және жалпы халықтық пайдалануға берілген халық үшін жұмыс істейтін мемлекеттік орган болсын деп көрсетеді. Сонымен қатар декретке қол қоюының негізінде:

-ведомстволық мекемелер ретінде жіктелген үкіметтік мекемелердің барлық мұрағаттары жойылып, оларда жинақталған істер мен құжаттар түгелдей Біртұтас мемлекеттік мұрағат қоры деп жарияланды;

-мемлекеттік мұрағат қорын меңгеру мұрағат ісінің бас басқармасына жүктелді;

-мекемелердің қандай да болсын істер мен жазбаларды, жеке қағаздарды өз бетінше жоюына тыйым салынды;

-мемлекеттік мұрағат қорын ғылыми тұрғыда тиімді пайдалану және дұрыс сақтау үшін оның бөліктері мұрағат ісін орталықтандыру принципі негізінде біріктірілетін болды.

Осы декреттің негізінде Қазақстанда мұрағат ісін мемлекеттік тұрғыда жолға қою мүмкіндігі туды. Мұрағат ісін ұйымдастыру жөніндегі лениндік бағытты жүзеге асырудың нәтижесінде мұрағаттар ұйымдастырылып, құжаттар жасақтау мәселелері іске аса бастады. Министрліктерде, ведомстволық ұйымдарда, мекемелерде, орталық және жергілікті қоғамдық ұйымдарда мұрағат мекемелері ұйымдастырылды. Министрлікте, ведомстволық ұйымдардағы мұрағаттардың қызметі мен мақсаттары осы мекемелердің басшыларының бекітілген нұсқауларымен іске асырылса, мекемелердегі мұрағат қызметі сол мекеменің нұсқауларына сәйкес атқарылды. Мұрағат құжаттарын ведомстволық мұрағаттан Мемлекеттік мұрағатқа белгілі нұсқау, ережеге сәйкес өткізілетін болды. Мемлекеттік мұрағаттар территориялық-әкімшілік басқару органдардың ерекшеліктеріне сәйкес облыстарда, аудандарда, қалаларда және селоларда ұйымдастырылды. Республикалық мұрағаттар үкіметке бағынды, ал облыстық, қалалық, селолық мұрағат сол жергілікті әкімшілікке бағынды. Құжаттардың техникалық қолдану ерекшеліктеріне сәйкес мұрағаттар қолжазба, кинофотофоно және ғылыми-техникалық құжаттар мұрағаттарына бөлінді. Осы кезде барлық мұрағат материалдарының жиынтығы ретінде мұрағат қоры құрылды. Оны мұрағат істерінің жоғарғы басқармасы басқарды. Мекемелердегі мұрағаттар күнделікті кезектегі құжаттарды белгілі бір мерзімге дейін сақтап, мерзімі біткен соң құжаттарды мемлекеттік мұрағаттарының тізімі бойынша өткізіп отырды. Жоғарғы басқарманың жазбаша рұқсатынсыз істерді жоюға тыйым салынды. Мұрағат ісін орталықтандыруда барлық губерниядағы және қаладағы мұрағаттар өзінше бірыңғай қорды құрды. Мемлекеттік мұрағат қоры сияқты, бұл да бөлімдерге бөлінді. Губерниялық мұрағат қорын жоғарғы мұрағат басқармасы бекіткен меңгеруші басқаратын болды. Құжатты қабылдау және сақтау үшін жергілікті мұрағат құрылды.

1919 жылы 22 сәуірде «Мұрағат істерін сақтау және жою» жөнінде қабылданған декрет бойынша, құжаттардың сақталу мерзімі көрсетілді. Мысалы, жұмыс істеп тұрған мекемелердің, ұйымдардың аяқталған істері

оларда бес жылға дейін сақталды, ол кейін басқа тиісті мұрағаттарға жіберіледі. Жойылған істердің тізімдері тұрақты түрде сақталды. Жойылатын құжаттардың тізімі, оның ерекшелігі көрсетілді:

а) ғылыми және тәжірибелік маңызы жоқ құжаттар:

б) мазмұны мен түрі жағынан біркелкі құжаттар:

1919 жылы 5 ші қыркүйекте Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті республикада мұрағат ісін ұйымдастыру жөнінде қаулы қабылдады[1]. Бұл қаулы бойынша жергілікті әкімшілік органдарына облыстық мұрағат бюроларын ұйымдастыру ісі жүктелді. Еліміздің мемлекеттік мұрағат ұйымдарын ашуда 1921 жылдың орны ерекше. Автономияның құрылуы нәтижесінде еліміздің түпкір-түпкірінде мемлекеттік мұрағаттар бой көтере бастады.[2]

1920 жылдың басында Кирревкомның тарихи-статистикалық басқармасы жанынан өлкелік мұрағат қорын жасау жұмысы бойынша ерекше комиссия құрылды. Мұрағат мәселесімен уақыт өте келе ҚазКСР Халық ағарту комиссариатының ғылыми секторы, Академиялық орталық және Истпарт /Октябрь революциясы мен Компартия тарихы бойынша материалдарды жинау және игеру үшін құрылған комиссия/ айналысты. Олар Қазақстанда мемлекеттік мұрағат қызметінің жолға қою мақсатындағы үкімет қаулы-қарарларының жобаларын даярлап беріп отырды.

ҚазКСР Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығы жанынан 1921 жылы көктемде мұрағат ісі жөніндегі Бас басқарма құрылды. Ол Орынборда Орталық өлкелік мұрағатты, сондай-ақ жергілікті жерлердегі мұрағат мекемелерін ашуға жетекшілік жасады. Орталық өлкелік мұрағат 1921 жылы қыркүйекте Орынбор-Торғай губерниялық мұрағаты негізінде бой көтерді.[3] Бұл мұрағаттың дүниеге келуі Қазақстан ғылымы, әсіресе тарих ғылымы үшін зор маңызды болды. Себебі, ол Қазақстан жерінде тарихи-ғылыми құжаттарды бір жүйеге келтірудегі және сақтаудағы басты орын боп қалды. 1923 жылы Орталық өлкелік мұрағат ҚазКСР Орталық атқару комитеті қарамағына өтті. Ал ақпан айында 1923 жылы ОАК Президиумы «Қырғыз /қазақ/ республикасы Орталық мұрағаты туралы ережелерді» қабылдады. Ереженің бірінші тармағында республиканың барлық мұрағаттар жиынтық күйінде ҚазКСР Орталық мұрағатын құрайды және де ол РСФСР Орталық мұрағатының құрамдас бөлігі болып табылады деп көрсетілді.[4]

1922-1924 жылдары Орталық мұрағатқа революцияға дейінгі және Октябрь революциясы мен азамат соғысы кезеңіндегі құжаттар шоғырландырылды. Бірінші кезекте жойылған мекемелер қорлары, сонымен бірге революция кезінде қызмет істеген мекемелер, ұйымдар қорлары, мысалы Кирревкомның және оның бөлімдерінің қорлары қабылданды.

1923 жылы Қырғыз республикасы әскери комиссариатының ісі, Халық ағарту комиссариатының ісі және т.б. қабылданды. 1925 жылы Қазақ КСР астанасы болып Қызылорда қаласы белгіленді. Осыған байланысты мұрағат Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Бұл жағдай Орынбор губерниялық мұрағатына сай келетін қордың бөлінуіне әкелді. Орынбор мұрағатына қор бөлінген соң, Қазақстан Орталық мұрағатында 1925 жылдың 1 қазанында 23821 іс құжаты бар 30 қор болды.[5]

1925 жылға дейін әрбір автономиялы республикада бір республикалық мұрағат және губерниялық мұрағаттар жұмыс істеді. Бұл мұрағаттар 1922 жылғы 30 қаңтардағы «РСФСР Орталық мұрағаттары туралы декретке» сәйкес 5 сексияға бөлінді: саяси, экономикалық, заңдық, тарихи-мәдени және әскери.

1925 жылғы 3 ақпандағы бірыңғай Мемлекеттік мұрағат қоры туралы Ережеге сәйкес әрбір автономиялы республикада 2 дербес мұрағат қызмет істеуі тиіс етілді: бірінші-тарихи мұрағат, екінші - Октябрь революциясы мұрағаты. Бірақ бұл мұрағаттар іс жүзінде тек 1927 жылы Бүкілресейлік атқару комитеті Қазан революцияның 10 жылдығына орай Қазан революциясы мұрағаттарын ашу туралы декретті қабылдағаннан кейін жұмыс істей бастады. Тарихи және Қазан революциясы мұрағаттары 1941 жылға дейін өмір сүрді.

Орталық мұрағаттардың одан әрі табысты еңбек етуіне Қазақстан мұрағаттарының 1927 жылғы маусымда Қызылорда қаласында өткен тұңғыш съезі өз әсерін тигізбей қоймады. Бірте - бірте мұрағат кадрларының кәсіптік сапасы да жақсарып, материалдар да көбейе түсті. 1927 ж. Орталық мұрағаттың сегіз мұрағат бюросында 39 қызметкер істеді, олардың 36 пайызы жоғары білімді мамандар еді. 1928 ж. Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің ережесіне сәйкес Орталық өлкелік мұрағаттың революцияға дейінгі барлық қорлары тарихи мұрағатқа берілді.[6]

Қазақ КСР тарихи мұрағаты 1929 ж. Қазақстанның жаңа астанасы - Алматы қаласына көшірілді. Осы жағдайға байланысты тарихи мұрағатқа Жетісу облысының революцияға дейінгі мекемелерінің қоры қосылды. Бұл қордың материалдары патша өкіметі кезіндегі қазақ тарихынан құнды мәліметтер берді. 30-жылдардың аяғында республиканың мұрағат қорында 200 мыңнан аса революцияға дейінгі құжаттар болса, оның 100 мыңнан астамы Орталық мұрағаттан тыс жерлерде сақталды. Орталық мемлекеттік мұрағатта 872 қор болды, оның 220 қоры 1917-1930 жылдарды қамтыды.

1932 ж. Орталық өлкелік мұрағатта екі дербес бөлім Қазан революциясы және тарихи мұрағат жұмысын бастады. Осы бөлімдер негізінде өлкелік мұрағат-Қазақстан Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты мен социалистік құрылыс мұрағаты болып екіге бөлінді. Мұндай бөлу 1941 жылы жүзеге асты. Қазақстанда мұрағат ісін дамытуда

қиыншылықтар да болмай қалған жоқ. Сол жылдардағы қатаң партиялық тәртіп, жеке басқа табынушылық, жазықсыз жандарды қуғын-сүргінге салу сияқты келеңсіз көріністер республика мұрағат ісінің дамуына көп кедергілер келтірді. Мұрағат қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігінен гөрі партиялық көзқарасына көбірек көңіл бөлінді. Мұрағат қорларын жинақтауда партиялық принцип, таптық көзқарас бірінші орынға қойылды. 1938 жылы мұрағат мекемелері Ішкі істер министрлігінің қарамағына берілді. Мұрағат ісіне басшылықты қамтамасыз ету үшін Ішкі істер министрлігінің жанынан мұрағат басқармасы құрылды.

1937 жылдан 1963 жылға дейін Республика мұрағат мекемелері, ішкі істер министрлігі халық комиссариатының қарамағында болды. 1941 жылы наурыз айында Орталық өлкелік мұрағат негізінде, екі жекеленген мұрағат құрылды. Біріншісі - Қазақ КСР социалистік тұрмысы және Қазан революциясының Орталық Мемлекеттік мұрағаты, екіншісі Қазақ КСР Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты болды. Осы уақытта мұрағаттың жағдайы біршама жақсарғандай болады. Бұл бірақ ұзаққа созылмайды, 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы мұрағат ісінің барысын тоқтатады. Соғыс жылдарында Қазақстан мұрағаттары басқа республикалардан эвакуацияланған мұрағаттарды орналастыру және сақтау жұмыстарын жүргізеді. 1941 жылғы 29 наурыздағы Халық комиссарлар кеңесінің «КСРО Мемлекеттік мұрағат қорының жағдайы» деп аталатын қаулысы негізінде жүргізген шарасы сол кездегі кеңестік мұрағаттардың, соның ішінде республикамыздың мемлекеттік тарихи мұрағатының қалыптасу кезеңінде алға басқан қадам болды. 1941 жылы КСРО Ішкі істер халық комиссариаты мемлекеттік мұрағаттар туралы ереже қабалдады. Бұл ереже бойынша ғылыми-зерттеу мекемелері қатарына мұрағат мекемесін де жатқызды және ол Ішкі істер министрлігінің мұрағат бөліміне бағынуы тиіс болды. 1943 жылы Алматыда кинофото құжаттары және дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік мұрағаты ұйымдастырылады. 1942-1946 жылдары мұрағаттық мекемелер құрылуы жағынан біршама өзгерістер енгізілді. НКВД-ң мұрағаттық бөлімі – НКВД-ң Мемлекеттік мұрағат бөлімі деп аталды, ал жергілікті органдар – Мемлекеттік мұрағат деп аталды. Ал 1946 жылы Мемлекеттік мұрағат бөлімі НКВД-ң мұрағаттық басқармасы болып қайта ұйымдастырылды. Негізінен Қазақстандағы мұрағаттық басқармасының жұмысы соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарлардың орындалуына бағытталды. Архив қызметі мемлекеттік социализмді құру жолындағы жедел қимылдау идеологиясына бағынышты болды. 1955 жылы тарихи құжаттарды баспаға шығару Ережесінің қабылдануы тарихи дерек көздерін ғылыми тұрғыдан пайдалануға және жарыққа шығаруға негіз болды. 1957 жылы жоғарыда айтқан 1939 жылы Орталық мемлекеттік мұрағаттан бөлініп шыққан Қазақ КСР тарихы мұрағаты мен Қазақ КСР

Қазан революциясы мұрағаты біріктірілді. 1960-1963 жылдары мұрағат ісінде түбірлі ұйымдық қайта құру басталды. Кейіннен мұрағаттық басқарма республиканың Министрлер Кеңесінің басшылығына қарап, ал мұрағат бөлімдері – облыстық атқару комитетіне қарады. Осы кездері өлкелік мемлекеттік мұрағаттар, сонымен қатар өлкелік және облыстық мемлекеттік мұрағаттардың филиалдары құрылды. 1966 жылдың қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Республиканың мұрағат ісін жетілдіру» туралы Қаулы қабылдады. Мұнда алдағы бес жылдық жоспар көрсетілді. Қаулының 6 бөлімінде архив басқармасының жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы және құжаттарды ведомствалық сақтау жөніндегі сұрақтар қаралды. Ведомствалық архивтерді және іс жүргізу барысын қарау, сонымен қатар басқармалардағы, ұйымдардағы және мекемелердегі іс жүргізудің реттілігіне байланысты тексерістер өтеді. Басқару ісін жетілдіру және басқару процесінің нәтижелерін алу процестері бекітілді және Ортақ типтік іс жүргізу басқармаларын басқару жөнінде сілтемелер жарыққа шықты. 1968 жылы республиканың Орталық Мемлекеттік мұрағат мекемесінің, Семей, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаттарының ғимараттарына құрылыс жұмыстары аяқталды.

70-жылдардың басында республикада Орталық Мемлекеттік мұрағат, 17 мұрағат бөлімшелері, 17 облыстық мемлекеттік және 31 облыстық мемлекеттік мұрағат филиалдары жұмыс істеді. Қарағанды және Жамбыл облыстарында архив мекемелерінің құрылысы аяқталды. 1974 жылы ақпанда Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағаттан Қазақ КСР Орталық ғылыми-техникалық құжаттар мұрағаты және Қазақ КСР Орталық кинофото құжаттар мен дыбыс жазбаларының мемлекеттік мұрағаты, барлық облыстарда облыстық және ауылдарда ауылдық мұрағаттар мен филалдары жұмыс істеді.

1980 жылдың 15-тамызынан бастап жоғарғы мұрағат басқармасы мемлекеттік басқарудың республикалық органы болды.

Жоғарғы мұрағат басқармасы – Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне бағынды.

Мемлекеттік басқармасы – мемлекеттік мұрағаттардың қорын басқарады.

Мемлекеттік мұрағат басқармасының негізгі міндеттері:

- 1) Мемлекеттік мұрағаттарды және олардың филиалдарын жасақтауды ұйымдастыру, ондағы сақтаулы құжаттарды пайдалану;
- 2) Мұрағаттану жөніндегі ғылыми әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, өткізу;
- 3) Мұрағаттық мекемелер жұмыстарының тәжірибелік ғылыми зертеулердің және ғылыми техникалық жетістіктерінің нәтижелерін енгізу еңгізу деп бекітілді.

1985 жылы ведомствалық мұрағаттарға тексеріс жарияланды. Тексеріс барысында 10,5 млн. іс реттелді. Әр түрлі мемлекеттік деңгейдегі басқармалардан 1 млн.479 мың іс әкелінді. Нәтижесінде 80-жылдары республиканың мұрағат қоры 3 млн. 850 мың іске көбейді. Мемлекеттік мұрағаттың сақтау қорында 11 мың кино құжаттар бірлігі, фотоқұжаттардың 95 мың бірлігі және фоно құжаттардың 2 мың бірлігі берілді.

Картотекалардың жасалуының ғылыми-анықтамалық қор картотекасына 185 мың тақырыптық және 224 мың алфавиттік картотека енгізілді.

1988 жылдың 5 қазанда КСРО Кеңес Министрлігінің қаулысы бойынша «Мұрағат істерін орталықтан жүйелі түрде басқару» туралы қаулы қабылданған болатын. Осыған сәйкес жалпыодақтық құқықтық негізде келесі басқару органдары құрылды. Олар: КСРО-ның Бас мұрағаты, республиканың одақтық бас мұрағаты, облыстық мұрағат бөлімшелері.

90-жылдардың басында құжаттарды ведомствалық сақтау проблемалары жандана түседі. Елдегі саяси оқиғалардың шиеленісуі және басқару аппаратының қысқартылуына байланысты мұрағат қызметіндегі және оның кадрлық қамтамасыз етуде, мұрағат ұйымдық-құқықтық жағдайы нашарлайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Дакенов М., Нурпейсов Б.И., Хасанов М.Ж. Архивоведение. Алматы, 2003
2. Абдулкадырова М.А., Абилова М.Х. Центральный государственный архив Казахской ССР // Советские архивы. 1968. №5. с.9.
3. Қозыбаев И.М. Создание научно-исторических центров в Казахстане, формирование кадров историков-марксистов...с.14-15.
4. Джангалин М.О. Архивное строительство в Казахстане // Советские архивы. 1963. №5. с.8.
5. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. Алматы, 1994.
6. Сандыбаева М.Т. Центральный государственный архив Республики Казахстан // Известия о краеведении в Казахстане и Средней Азии. 1993. №5. с.32.

* * *

В статье характеризуется положение архивного дела Казахстана в советский период.

* * *

The position of archival business in Kazakhstan during the soviet period is characterized in articll.